

Г.Қ. Қортабаева^{1*} , Г.Қ. Теменова¹ ,
М.Б. Шайхыстамова² , А.С. Сейдикенова¹ 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан қ.

*e-mail: turki_alemi@mail.ru

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТАБУ АТТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Табу – әр халықтың салт-дәстүрімен қалыптасқан және халық санасынан берік орын тепкен этнографиялық ұғым. Мақала түркі халықтарының ежелгі түрлі наным-сенімдеріне байланысты пайда болған ‘қорғаныш есім’, ‘жанама ат’, ‘ат тергеу’, ат қою салтының ерекшеліктерін сипаттауға және талдауға арналған. Табу сипатты аттар – түркі халықтарының салт-дәстүрінен хабар беретін қызықты ақпараттар көзі. Түркі халықтарының тіліндегі тотемдік аттар бүгінгі күнге дейін жәдігер ретінде сақталған. Қазақ халқының ежелден келе жатқан ұлттық әдет-ғұрыптар, дәстүрлерінің бірі ат тергеу салты (жанама аттар) және ат қоюдағы ерекшеліктер басқа түркі халықтарымен салыстырыла қарастырылды. Табу есімдерді түркі халықтарының этномәдени кеңістігінде қарастыру және олардың антропонимдік парадигмасын анықтау мақаланың өзегі саналады. Мақалада айқындалғандай, Сібірдегі түркі тілдес халықтардың салтында тыйым салынған, яғни табуға айналған есімдердің кең таралғандығы ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып сипатталды. Қазақ халқы мен түркі халықтарындағы сақталған тыйым мен табудың түрлері, сәбиге қойылған есімдердің семантикасы, пайда болу мотивтері сараланды. Ат қою дәстүрін сараптай келе, түркі халықтарының танымындағы салт-дәстүрдегі ортақтық пен діни-мифтік көзқарастарының сабақтастығы себепші екендігі дау тудырмайды.

Түйін сөздер: табу, түркі халықтары, тотем, әдет-ғұрып, ат қою дәстүрі, қорғаныш есім.

G.K. Kortabayeva^{1*}, G.K. Temenova¹,
M.B. Shaikhystamova², A.S. Seidikenova¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkistan

*e-mail: turki_alemi@mail.ru

National and Cultural Features of Taboo Names in the Turkic Languages

Taboos are ethnographic concepts formed by the traditions of each nation and firmly rooted in people’s minds. The article is devoted to the description and analysis of the features of the “protective name” and “indirect name”, the custom of naming, which arose in connection with various ancient beliefs of the Turkic peoples. Taboo names are a source of interesting information conveying the traditions of the Turkic peoples. Totemic names in the language of the Turkic peoples have survived to this day as relics. One of the oldest national customs and traditions of the Kazakh people, the customs of naming babies and the features of naming are compared with other Turkic peoples. The relevance of the article lies in the consideration of personal names in the ethnocultural space of the Turkic peoples and the definition of the paradigm of their anthropological systems, including historical and ethnic ones, from an anthropological point of view. The wide distribution of names prohibited in the customs of the Turkic-speaking peoples of Siberia, which became taboo, was described based on the works of researchers in the article. About the preserved prohibitions and taboos of the Kazakh people and Turkic peoples, the semantics and motives of the baby’s names were revealed. The types of taboos among the Kazakh and Turkic peoples, the semantics of names, motives of origin are considered. Analyzing naming traditions is undoubtedly the reason for the continuity of traditions and religious and mythical views of the Turkic peoples.

Key words: taboo, Turkic peoples, totem, custom, naming tradition, protective names.

Г.К. Кортабаева^{1*}, Г.К. Теменова¹,
М.Б. Шайхыстамова², А.С. Сейдикенова¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави, Казахстан, г. Туркестан

*e-mail: turki_alemi@mail.ru

Национально-культурные особенности табуированных имен в тюркских языках

Табу – это этнографическое понятие, сформированное традициями каждого народа и прочно укоренившееся в его сознании народа. Статья посвящена описанию и анализу особенностей «защитного имени», «косвенного имени», обычая имянаречения, возникшего в связи с различными древними верованиями тюркских народов. Имена табуированные характерный источник интересной информации, передающей традиции тюркских народов. Тотемные имена на языке тюркских народов сохранились до наших дней как реликвии. Один из старейших национальных обычаев, традиций казахского народа, обычай давать имя младенцам (косвенные имена) и особенности имянаречения сравниваются с другими тюркскими народами. Актуальность статьи заключается в том что, рассмотрение личных имен в этнокультурном пространстве тюркских народов и определение парадигмы их антропонимических систем, в том числе историко-этнических, с антропологической точки зрения. Как определено в статье, широкое распространение имен, запрещенных в обычаях тюркоязычных народов Сибири, т. е. ставших табу, было описано на основании трудов ученых. Рассмотрены виды табу у казахского и тюркского народов, семантика имен, мотивы происхождения. Анализируя традиции имянаречения, несомненно, является причиной преемственности традиций и религиозно-мифических взглядов тюркских народов.

Ключевые слова: табу, тюркские народы, тотем, обычай, традиция имянаречения, защитные имена.

Кіріспе

Түркітілдес халықтардың мәдениетін, өркениетін біртұтас кешенді түрде зерттеу – қазіргі жаһандану үдерісіндегі өзекті мәселе. Жаһандану әлем халықтарын ағылшын тілі мен мәдениетін меңгеруді талап етіп отыр. Түркі тілдерін сақтау және оны дамыту, интеграциялау өзекті мәселелердің біріне айналды. Осы бір байырғы түркілік ортақ мәдениетті тану, оны сақтап қалу, әлемдік өркениеттегі алар орнын айқындауда ерекше маңызды. Түркі халықтарының дін жағынан өзгешелігі, аймақтық жағынан алыстығы, өз тілі мен ділін жоғалтып, жұтылып кету жағдайында осы тектес мақалалардың жазылуы тақырыптың өзектілігін айқындайды. «Шаң басқан» ақпаратты асыл тасты қайта жарқыратқандай жарқыратып, салт-дәстүрді жаңғырту мақсатында жалқы есімдерді этномәдени кеңістікте қарастыру рухани тұрғыдан маңызы бар деп санаймыз.

Түркі халықтарының санасында берік орын алған көне түркілік наным-сенім, әдет-ғұрып, салт-дәстүр сан қырлылығымен ерекшеленеді. Сондай әдет-ғұрыпқа негізделген рухани құндылықтардың бір қыры – ат қою дәстүрі. Адам есімі – әр халықтың ерекшелігі, паспорты, төл байлығы, ұлттық коды.

Ат қою дәстүрі – атадан балаға мұра болып келе жатқан мәдени әрі әлеуметтік категория.

Бүгінде жалпы адамзат бойынша қарастырсақ, балаға ат қоюда ерекше мәні бар немесе құлаққа жағымды, әдемі, сәнге айналған есімдерді тандайды. Біздің тақырыпқа өзек болып отырған тыйым, ырымға байланысты қойылған аттардың бүгінгі күнде өзектілігі жойылды деп айтуға ерте деп санаймыз. Мәселен, баласы тұрмайтын ата-аналар ата-бабадан келе жатқан түрлі ырымдарға сеніп, естір құлаққа ұнамсыз аттар қою арқылы баласын «сырт күштерден», «жаман көздерден», ерекше назар түсуден сақтаудың бір жолы санайды. Баланың амандығын тілеген халық «көз тимесін» деген ырыммен Мыңжасар, Өмірзақ деп ат қою қазақтар арасында әлі күнге дейін сақталып келеді.

Көне замандағы түркілер сөздің сиқырлы күшіне, түрлі ырымдарға сеніп және оны мүлтіксіз орындайтын. Ат қою салты да діни-мифтік көзқараспен сабақтас болды және барлық түркі халықтарының танымында терең із қалдырды.

Мақаланың мақсаты – түркілік тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, этникалық дәстүр, ұлттық менталитеттің сан қырлы сырын жалқы есімдер арқылы ашу, ат қоюға қатысты факторларды салыстырмалы түрде қарастыру. Осы мақсатқа жету үшін түркітанушы ғалымдардың тұжырымдарына, келтірілген мысалдарына сүйене отырып, түркі халықтарының ат қою ерекшеліктерін, «ат тергеу», «аңшы тілі», «әйел

тілі», жағымсыз есімдердің қойылу себептері сараланады. Сондай-ақ түркі халықтарының наным-сенімдерінен туындайтын әмбебап ырым-тыйымдар мен жосын-жоралғылар, ат қоюдың этнолингвистикалық жағы да сөз етілді.

«Табу» терминінің төркіні Полинезияның юнга тілінен алынған ‘тыйым’ деген ұғымды білдіреді. XVIII ғасырдың соңында Тонга аралдарындағы Полинезияда бұл терминді алғаш рет ағылшындық Джеймс Кук қолданған. Полинезия мен Меланезия аралдарында табудың ‘тапу, капу, тамбу’ сияқты диалектілік синонимдері де кездеседі. Ол сөздердің мағыналық аясы ‘тыйым’ деген ұғыммен қатар ‘киелі’ деген ұғымды да қоса қамтиды. Табу ертедегі адамдардың табиғаттағы құбылыспен заттардың атын атамай, басқа сөзбен алмастырып қолданудан қалыптасқан. Табу – этнолингвистикалық құбылыс, барлық тілдерде де кездеседі және этнографияда тыйым ұғымын белгілеу үшін қабылданған термин.

Тыйым–әрхалықтың салт-дәстүрімен қалыптасқан және халық санасынан көрініс тапқан мәдени ұғымдардың бірі. Көптеген зерттеушілер тыйымды философия, психология, этнография, теология, этнопедагогика, лингвомәдени және басқа да қырларын ерекше қызығушылықпен зерттеді. Профессор Әділ Ахметов: «Табу немесе ырым-тыйымдар – адамзаттың сан-алуан наным-сенімдерінен туындап, халықтардың рухани мәдениеті мен тілдерінен көрініс тапқан әмбебап этнографиялық, этномәдени және этнолингвистикалық категориялар», – деп анықтама береді (Ахметов, 2015: 7).

А.А. Реформатский «Введение в языковедение» еңбегінде табу туралы былай деп анықтама берген: «Табу – этнографическое понятие, касающееся и языка. Табу означает запрет, возникающий в сфере общественной жизни на разных ступенях развития общества. Исходя из различных предпосылок, такой запрет может распространяться и на факты языка. Так и народов, находящихся на ранней стадии общественно-го развития табу слов возникает на почве мифологических верований».

Материалдар мен әдістер

Қазіргі түркітанудың жетістіктері мен жаңа бағыттары әрбір түркі халықтарының өзіндік рухани тәжірибесіне сәйкес маңызды міндеттер мен қызмет атқаратын тарихи-тілдік деректерді зерттеуге жаңа талаптар қойып отыр. Түркі есімдерін этнографиялық, мәдениетаралық

қатынас тұрғысынан зерттеу осы міндеттің үдесінен шығуды көздейді. Мақалада лингвистикалық және этнографиялық мысалдар талдауда қолданылды. Мақаланың мақсатына сәйкес салыстырмалы-салғастырмалы, талдау және жинақтау әдістері қолданылды. Мақалада көрнекті ғалымдардың этнолингвистикаға қатысты теориялық ойларына сабақтастыра отырып түркі тілдеріндегі табуды салыстырма әдіс арқылы пайымдап, мағыналық, мәндік тұрғыдан тамырластық сипатын ашып беру ғылыми тұрғыдан жүйеленеді.

Әдебиеттерге шолу

Әлем халықтарының наным-сенімдері, табу немесе тыйым ұғымына байланысты құнды деректерді Э. Тейлор, Дж.Фрезер, З. Фрейд, Р. Смит, Ф. Стайнер, Л.Я. Штернберг, Д.Е. Хайтун, Л. Расони т.б. батыс ғалымдарының еңбектерінен молынан кездестіруге болады. Табу сөздердің шығу факторларын, оның түрлерін этнографиялық тұрғыдан жан-жақты зерттеген және бүкіл әлемге паш еткен британдық антрополог, фольклортанушы Джеймс Джордж Фрезер болатын. Оның он екі кітаптан тұратын «The Golden Bough», қазақшасы «Алтын бұтақ» деп аталатын еңбегі тарихта маңызды классикалық еңбектер қатарынан орын алады. «Алтын бұтақтың» 2- томы әлем халықтарының рухани мәдениетіндегі табу сөздерге, тыйымға арналған зерттеулердің алғашқы және нағыз үлгісі болып табылады. Дж. Фрезер аталмыш ауқымды ғылыми туындысында табу сөздерді үлкен-үлкен төрт топқа бөліп қарастырады. Бірінші топ: наным-сенімдерге негізделген тыйым іс-әрекет, екінші топ: адамдар, үшінші топ: адам есімдері, ал төртінші топ: тыйым салынған сөздер. Дж.Фрезердің бұл зерттеуі этнографиялық әрі этнолингвистикалық әлемдік деңгейдегі іргелі ғылыми еңбек болып саналады.

Сібірдегі саха, тыва, алтай, хакас, шор т.б. халықтарын этнографиясын В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, А.Золотарев, А.Е. Алекторов, Н. Самойловичтер зерттеген болатын. XX ғасырда Н.А. Баскаков, Г. Ф. Саттаров, Д.К.Зеленин, К.М.Патачаков, В.Я. Бутанаев, Н.Д. Сувандии, Т.Н. Пермьякова, Ш.Жапарова, А.Г. Шайхулов, Г.С. Хазиева-Демирбаш, Г. Галилулина, Г. Жаманкулова т.б. ғалымдардың осы тақырыпта жазылған қызықты зерттеулері жарық көрді. Сондай-ақ өткен ғасырдағы қазақтың лингвист-этнограф ғалымдары А.Х. Марғұлан, Ә.Т. Қайдар, Х.А. Арғынбаевтардың, соңғы жи-

ырма жылдықтағы Т. Жанұзақов, Ә.Е. Бекболатова, Б. Ертаевалардың зерттеулерін және профессор Әділ Ахметовтың «Түркі тіліндегі табу мен эвфемизмдер» атты көлемді монографиясын ерекше атауға болады.

Нәтижелер мен талқылау

Этнограф ғалымдар әлемнің барлығына жуық адам есімдерінде (антропонимдер) жанама ат қою дәстүрі болғанын айтады. Оның ішінде түркі халықтарының этнографиялық дереккөздерінде «өткір, сұқ көзден» қорғайды деп, «жасырын», «қорғаныш» есімдер қойылатыны туралы жазбалар бар. Мұндай есімдер баланың өмірін қорғауда белсенді қолданылған. Тіпті баланың есімін атауға тыйым салынып, оны жасырып, басқа сөзбен ауыстырып айтуға барынша тырысқан. Оның басты себебі – осы табу ұғымының кең таралуында. Мақалада тыйым сөздерге қатысты деректер қазақ тілі және басқа түркі халықтарымен салыстырыла, табуға айналған «қорғаныш есім», «жанама ат», «ат тергеу» тәрізді салттық дәстүрлері тіл мен мәдениет шеңберінде талданды.

Тіл құпиясының бір ұшығы жалқы есімдердің ішкі формасы, пішім-бейнесі оны қоршаған ортаға көзқарасында, дүниетанымында, этикалық дәстүрінде, тұрмыс-салтында, әдет-ғұрпында, бүкіл ұлттық психологиясы мен логикасы географиясы мен этнографиясынан көрінеді (Қортабаева, 2017:18)

Тұмар аттар немесе қорғаныш есімдер

Халықтардың тамырлас туыстастығы оның тарихы мен тілінде ғана емес, ономастикалық жүйесінде сақталған. Түркі ономастиконы әлеуметтік-мәдени әсерге аз ұшырады, есімдер көне дәуірден сақталып жетті. Ономастикалық деректер этнолингвистиканың қайнар көзі болып саналады. Скопус базасында жарық көрген зерттеуде осы ономастикалық деректердің маңызы атап өтілген: “For any national language, the onomastic system is a source of information about culture, psychology, and history of the people, who are the language speakers. Onomastic units have always appeal to linguists. There are strong onomastics schools based on many national languages, but anthroponymic and toponymic directions are especially highlighted» (Andabayeva, 2016: 2123).

Түркі халықтары жаңа туған баланың есімін ел-жұрт, ағайын-туыс, көрші-қолаңнан жасыратын болған. Бұл халық арасында «тұмар ат»

немесе «қорғаныш ат» деп аталады. Мұндай аттардың миссиясы – наным-сенім бойынша жаңа туған нәрестені зұлым күштер мен сұқ көздерден сақтау үшін жасалған ырымдардың бірі.

Профессор Телғожа Жанұзақов бұрынғы қазақтардың ұнамсыз, сұрықсыз, сүйкімсіз ат қою себептерін зерттеген. Мұндай ат қойылса, баланың өмір жасы ұзақ болады және жолында еш кедергі болмайды деген түсінік қалыптасқанын айтады. Алғашқы қырық күнде олар баланы бөтен адамдарға көрсетпеуге, жалғыз қалдырмауға, киіз үйден шығармауға тырысқан. Бұл уақыт ана үшін де, бала үшін де сынақ мерзімі болған. Балаға зұлым күштердің назарын аудармас үшін айналасындағылар, ата-аналары да жаңа туған нәрестеге назар аудармауға тырысты. Баланы азан шақырып қойған есімімен атамады және сүйкімді қылықтарын да елемеге тырысты. Сондықтан Ұлтарақ, Шұлғаубай, Жаманбай т.б. сияқты есімдер қойған. Т. Жанұзақов «Қазіргі уақытта мұндай есімдер қазақтарда кездеспейді, бірақ олар фамилия ретінде сақталған» дейді (Жанұзақов, 2004: 13).

Қазақ қоғамында дала заңдарының мүлтіксіз орындалғаны көркем шығармалардан, сақталып жеткен хаттардан белгілі, оның ішінде ‘тыйым, ырым’ қағидаттары да бар. Басқа түркі халықтары сияқты қазақтар да сөздің магиясынан, қарғыс сөздерден, тіпті тым мақтау мен ерекше назардан да сескенген. Т. Жанұзақов «Тілеміс, Тұрлыбек, Сағындық, Есенгелді үл күту, бала тілеу мақсатында пайда болған антропонимдер» екенін айтады (Жанұзақов, 2004: 36).

Енді діні басқа болса да, тілі ортақ түркі тілі саналатын Сібірдегі түркітілдес халықтардың дәстүріндегі ат қою ерекшеліктерін салыстыру арқылы мәдениеттегі өзгешеліктері мен ортақтық тұстарын табуға тырысамыз.

Сібір халықтарында балаға ат қоюда мынадай дәстүр сақталған, яғни бірі – паспорттық есімі болса, ал екіншісі күнделікті өмірде қолданатын жанама есім. Ең қызығы, бала жылаған кезде үйдегі пештің мұржасына ерекше есімдерді кезекпен айкайлаған, бала қай есімді айтқанда жылауын тоқтатса, сол есімді берген. Әрине, бұл да бір қызық, ерекше наным-сенім деуге болады.

Бұл туралы зерттеуші В.И. Еремина: «Официальное имя скрывалось, утаивалось, а объявлялось совсем другое имя. Если ребенок родился хилым, имя выкрикивали в печную трубу: кричали разные имена, а называли тем, при котором ребенок переставал плакать» деп жазады (Еремина, 1991: 72).

Жазылған деректерге сүйенсек, жалпы Сібірдегі түркітілдес халықтарда бұл дәстүр берік орныққан. Сәбилерді «зұлым күштерден», яғни барлық келеңсіздік немесе ауру-сырқаттан сақтау үшін ‘жанама есім’ қойылған. Бұл ат қою дәстүрі сахалардың пұтқа табынушылық сенімдеріне байланысты туған болу керек.

Сахаларға көрші тұрған халықтың бірі – тывалар. Олардың балаға ат қоюында да өзіндік ерекшеліктері бар. Тывалар әр адамның төл есімі болатынын мынадай мақалмен айғақтайды: «Кізі полза аттығ полар, Киик полза, тўктіг полар». Аудармасы мынадай: «Кісі болса, аты болар, Киик болса, түгі болар» (Мудрое слово, 2014: 6).

Тываларда мынадай әдет-ғұрып, дәстүр берік сақталған, яғни жаңа туған баланың ата-анасы нәрестені бейтаныс адамдарға мүлдем көрсетпеген, оған бөтен адамның «көзі тиеді», яғни «назары ауады» деп қатты қорыққан. Тываның батыс және оңтүстік аймақтарында аулының сыйлы, ең үлкен адамы үлкен жиын, тойларда жаңа туған балаға ең жағымсыз, сұрықсыз атты тандап қойған. Сол баланың шын есімі 7-10 күннен кейін, тіпті бірнеше жылдан кейін қойылатын жағдайлар да орын алған. Ер балаға қыздың есімін немесе керісінше қызға ер баланың атын қою дәстүрінде бір магиялық сыр бар. Мысалы, ер балаға Ілтік деген есім қойылған, ол ‘әйел сөмкесі’ мағынасын береді. Оның себебі «жаман күштерді» шатастыру. Мұндай аттар ғылымда «лақап аттар» деп аталады.

Өткен ғасырда Алтай өңірінде миссионер болған жазушы В.И. Вербицкийдің жазбасында мынадай мәлімет кездеседі: «Родители стараются дать имя как можно похуже, предполагая, что с худым именем долго будет жить» (Вербицкий, 1893: 86).

Баланың ата-анасы мұндай жағымсыз ат қойғанға ренжімейді, керісінше қуанатын болған. Дүниеге келген нәрестеге денсаулық және ұзақ өмір тілейді. Қысқаша айтқанда, үлкендер жаңа туған шақалаққа құлаққа сүйкімсіз естілетін ең нашар ат қоюды мақсат тұтқан. Ал қазіргі заманның ата-аналары баласына ең әдемі, құлаққа да жағымды есім іздеп шарқ ұратыны бар.

Алтай халықтары да өзге де түркі халықтары секілді адам есімінде бір магия, сиқыр бар деп сенеді. Тіпті есімдерін жиі айта бергенді ұнатпайды. «Как считают алтайцы, имя человека сакрально, следовательно, частое упоминание имени может навредить человеку» (Бельчекова, 2013: 109).

Зерттеуші Н.О. Тадышева да мұны қолдайды: «В семье дают ребенку домашнее имя, которое чужим не говорят, чтобы невозможно было установить «настоящее» имя. Тем самым родители, родственники пытаются уберечь его от «темных сил» (Тадышева, 2016: 100).

Ат тергеу салты немесе әйел тілі

«Әйел тілі» түркі халықтарында бәрінде болмаса да, біразында сақталған. Тұрмыс құрған әйелдерге күйеуі мен оның жасы үлкен туыстарының есімдерін атауға тыйым салған.

Қазақ тұрмысында үлкен адамдардың атын астарлап, жұмбақтап айту ‘ат тергеу’ ғұрпы деп аталады. Жаңа түскен келін осы жұрттың ата-енесі, қайнаға-абысындарын, қайын сіңлі-қайындарын, ауылдағы жасы үлкен адамдардың, тіпті көршілердің де атын атамай, өзгеше ат қойған. Жас келіндер кез келген атты қоя салмайды, ерекше тапқырлықпен қайын жұртындағы адамдарға сыртқы түріне қарай аттар қояды. Аты аңызға айналған, ақылды, тапқыр аналардың ісін кейінгі ұрпаққа үлгі етерліктей үлгілер жиі кездеседі. Бұл дәстүр – қазақтарда бұрыннан бар және әлі де жалғасын тауып келе жатқан жақсы үрдістердің бірі. Мысалы, әлі күнге дейін күйеуін «отағасы» не «баласының әкесі» деп атау Қазақстанның біраз өңірлерінде кездеседі.

Ал ертеде үлкен кісінің атын атамай, оған лақап аттар беру орныққан салт-дәстүрлердің бірі болатын. Бұл туралы Т.Жанұзақов: «Сүттібай – Желінуыз, Бұқабай – Сүзербай, Сарыбас – Шикіл шеке, Сары – Шикіл, Бейсембі – Жұмааттас, Көжекбай – Қояната, Үзікбай – Дөдеге, Жамантай – Жайсыз тай, Ақбай – Қылаңата, Тұңлікбай – Қайырма, Қойлыбай – Жандық ата, Қамшыбек – Атжүргіш, Бүйенбай – Жуанішек, Асаубай – Тарпаң, Асыл – Бекзат ата, Ақылбай – Ой ата, Мергенбай – Атқыш т.б. деп ерекше аттар қойылғанын жазады (Жанұзақов, 2004: 66).

Бір жас келіннің түскен елінде Өзенбай, Көлбай, Қамысбай, Қасқырбай, Қойлыбай, Қайрақбай және Пышақбай дейтін қайнаға-қайнылары болыпты. Бір күні келін суға барса, көл жағасында қамыс ішінде қойға қасқыр тиіп жатқанын көріп, ауылға тұра жүгіреді. Жас келін: «Ата, ата! Сарқыраманың ар жағында, Жалтыраманың бер жағында, Сылдыраманың ішінде Маңыраманы Ұлыма жеп жатыр. Жаныманы Білемеге білеп алып келе қойыңыз» дейді. (Ахметов, 2005: 48).

Тапқыр келін Қойлыбай деген атасының атын атап қоймас үшін «қой» сөзін «маңырама»

деп алмастырады. Осылайша басқа да қайнағаларының аттарын теңеумен алмастырып айтып шығады. Қасқырбайды – «Ұлыма», Қамысбайды – «Сылдырама», Бұлақбайды – «Сарқырама», Көлбайды – «Жалтырама», Пышақбайды – «Білем», Қайрақбайды – «Жаныма» деп ат тергеу салтымен қайнағаларының аттарын тура атаудан қашып, жанама атпен атапты. Қойға қасқыр тиген шақта да аспай-саспай сабырлығын, ата салтты сақтаған қазақ келінінің тапқырлығы, атасына айтқан астарлы сөзі бұл күнде табу сөздердің ғажайып үлгісі деуге болады.

Ерге шыққан әйелдің осындай ережелері туралы А.Н. Самойлович зерттеп, жазба қалдырған: *«Большинство запретов, которыми было окружено ее поведение во время сватовства и свадьбы, постепенно снимались, но оставался минимум символов, который на протяжении всей ее жизни на земле мужа подчеркивал особый статус женщины. Она не имела права произносить в слух имена своих старших родственников. Для нее их имен словно бы не существовало, равно как имена мужа»* (Самойлович, 2005: 151).

Сібірдегі түркі отбасыларында әйелдер күйеуі мен оның туыстарының есімдерін атамайды. Ол сөздерді қолданатын әрбір отбасының өз принциптері болады. Осындай бұлжымас салт-дәстүрлердің бірі – «ат тергеу». Ат тергеу салты үлкен тапқырлықты, шеберлікті, ой дәлдігін қажет етеді.

Алтай халықтарында да осы қазақ әйелінің ат тергеуіне ұқсас әзіл әңгіме бар екен. Көрнекті түркітанушы Николай Баскаков оны ел аузынан жазып алған: *« Одна женщина обратилась к группе старших родственников мужа, носивших имена Суи «Вода, река», Тут «Лиственница», Боги «Волк», Qoj «Овца», с просьбой помочь ей отогнать напавшего на овец волка. Вместо того чтобы сказать: «По ту сторону реки у лиственницы волк напал на овцу и терзает ее». Она вынуждена была сказать Ауасуну qoid janunda, Tigасунут torinde marасуну u-hicykeleledj ipdjat, то есть «По ту сторону текущего, около стоящего прибежал воюющий и ест BLEЮЩЕГО»* (Баскаков, 1975: 7).

Ат тергеудің бұл үлгісі көрші тұрған қырғыздарда да кездеседі. Зерттеуші Г.Жаманкулова «Апакай апам», «Умай энем», «Баатыр атам», «Койчумандын апасы», «Турсунбайдын атасы» деп қолданатынын айтады (Жаманкулова, 2021: 87).

XIX ғасырда Ресейдің орыс емес халықтарының тарихын, этнографиясын және

тілдерін зерттейтін арнайы Миссионерлік бөлім болған. Олардың арасында белсенді оқытушыларының бірі Н.И.Ильминский байқау-зерттеуінде былай деп жазады: «Келін күйеуінің туыстарының атын еш уақытта атамайтын, яғни оның аға-інілеріне, апа-қарындастарына арнайы ат қоятын» (Ильминский, 1861: 73).

Мұндай табу сөздерді қазақ әйелі кейде эвфемизмдермен алмастырып отырған. Профессор Т. Жанұзақов оны былай түсіндіреді: «Адам есімдері белгілі бір жүйе бойынша жалпы есімдермен ауыстырылды. Әйелдің күйеуінен үлкен ер адамдар қайынаға деп аталады. Тыйым салынған кезде белгілі бір адамның жеке есімі бұрмаланған түрде қолданылған, мысалы, оның орнына Әли-Сали, Тұрсын-Мұрсын. Күйеудегі әйел осылайша есімдерді өз атымен атауға тыйым салынды» (Жанұзақов, 2004: 45).

Табу мифологияда көп кездеседі, әсіресе, құдай, пайғамбар т.б. теоним, агионимдерді тікелей атамаудан шыққан. Мифологияда құдайдың атын тура атамау барлық халықтарда бар құбылыс. Мұсылмандардың құдайы «Алла» есім араб тіліндегі «илах» сөзінен шыққан.

Қазақ тіліндегі араб текті есімдердің көбі Алланың «Асмауыл-хусна» деп аталатын 99 «Көркем есімдері» мен оның түрлі фонетикалық варианттары арқылы жасалған. «Асмаул-Хусна» деген ұғым араб тілінде «Ең жақсы есімдер» деген мағына береді. Қазіргі уақытта қазақ тілінде «көркем есімдер» деп қолданып жүр. «Құран Кәрімде» Алланың есімдері оның мейірімділігін, рахымдылығын, ұлылығын, адалдығын, күштілігін, тазалығын т.б. қадір қасиеттерін бейнелейтін сипаттар болып саналады» деп көрсетеді (Оңдасынов, 1992: 51).

Көркем туындыларда Алдаберген, Құдайберген, Тәңірберген т.б. аттар кездеседі. Қазақ сатирасында теофорлық аттар *Берқұдай, Құдайқұлов, Әулиебайұлы, Тәңірқұлов, Пірбайұлы, Пірманов, Мұсылманов, Тақуаұлы* тәріздес персонаждар кездеседі (Қортабаева, 2013: 149).

Ит тотемінен пайда болған табу аттар

Түркі халықтарында жаман күштерден қорғану мақсатында 'қорғаушы, тұмар' есімдердің ішінде ит зоонимін жиірек қолданған. Қыпшақ тайпаларының тотемдік жануарлары, генеалогиялық аңыздарда 'ит' түркі тайпаларының бастауы болып көрінді. Қыпшақ ақсүйектері өздерінің шежірелерінде итпен байланысты қойылған *Көбек, Кончак, Әнәк, Көчек, Мойнақ, Бойнақ, Барақ* есімдерін мақтан тұтты.

А.М. Иванованың «Сравнительно-сопоставительный анализ охранительных имен в тюркских языках» мақаласында Алтын Орда аксүйектер арасында *Барақ, Итбұқа, Иткөт, Күчүк, Күнчүк* т.б. итпен байланысты есімдердің кең таралғанын айтады. Кейінгі ғасырларда

(XVIII ғ.) Том татарлары: Көчекбай ^с көчек ^с күшік + бай, Кончакугул ^с кончак «ит» + угул ^с угыл ^с «үл», Корташ ^с корт «қасқыр» + аш кішірейту, еркелету формасында қолданған (Иванова, 2017: 88).

Профессор Т.Жанұзақов қазақ есімдерінің түрлі ғұрып, салт-сана, наным-сенім, жол-жоралғы дәстүрлерге байланысты қойылып отырғанын айтады. «Қазақтың ен даласы мәдениет пен тіл бірлігі, әдет-ғұрып, салт-сана тұтастығының негізі. Мысалы Итбай, Итбас, Күшік, Барақ деп ат қою дәстүрге айналған. Қазақ ұғымындағы 'итжанды мықты, жаны сірі адам' деген түсінік ертеден келе жатқан ит атын қою ырымымен байланысты болса керек. Мұның негізгі сыры итті тотем ретінде қастерлеуден туған болар» деп түсіндіреді (Жанұзақов, 2004: 77).

Жалпы қазақ халқы итті «жеті қазынаның» бірі деп санайды. Оның дәлелі – мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаш, тұрақты тіркестерде көптеп кездесуі. Қазақ итті жеті қазынаның бірі деп санағандықтан, итке деген танымдық көзқарасы бөлек және ит сөзін ауызға бұрын алады және жиі қолданады. Данышпан Абайдың өзі жақтырмаған нәрсесін «ит» деп атаған.

Қазақтарда Итбай, Қасқырбай деген аттар тек табуға байланысты қойылмайды. Оның уәжін профессор Қ.Жұбанов былай деп түсіндіреді: «Қасқырға, итке бай кісі болмайды. Адамның негізгі байлығы – мал. «Бай» анықтауышы белгілі бір адамдардың мәртебесін, дәрежесін көрсетеді. Ол «ит» сөзіне анықтауыш бола алмайды, өйткені кедейлік пен байлық мөлшері итпен өлшенбейді» (Жұбанов, 1966: 62).

Мұндай ат қою дәстүрі балаларды жаман рухтардан сақтау үшін қойылған. Мысалы, сахалар бала тұрмаса, жаңа туған нәрестеге «ит» сөзін қосарлап ат қойған. Неміс ғалымы О.Н.Бетлинг өз жазбасында *Ытым обото / Менің күшігім* деген мысал келтіреді. Бұл үрдіс қазақ даласында да кең таралған: *Итімаш, Ит-жемес, Итқара, Итбай, Жаманқара, Қиқым, Шоқпыт, Сасық* т.б. аттар жиі кездесетін.

Татар және башқұрт антропонимист ғалымы А. Шайхулов *Кесекбай, Көчекбай, Кесеккул, Көчеккоя, Көчеккул, Күсөкбай, Этбай, Эталмас, Эткул, Эткол* т.б. есімдер «ит» тотемдік

түсінікпен байланысты дейді. Башқұрттарда *Эткөл, Эткенә, Этекәй, Көсөкбай, Көсек* есімдері бар, мұндағы *Эт* деген – ит; *Көсек* – күшік деген мағынада қолданылып тұр.

Башқұрт халқында мынадай салт бар екен. Жаңа туған шақалақты иттің үйшігіне жатқызып қояды. «Егер ит келіп жас балаға аяғын тигізсе, онда зұлым рухтардың балаға зияны тимейді деп санаған» (Шайхулов, 2006: 39).

Қазан татарларының этнографиялық материалдарында мынадай әдет-ғұрып жазылған. Жаңа туған нәрестеге «көчек күлмәге», қазақша «ит көйлек» деп аталатын жейде кигізген. Ал қазақтарда баланың көйлегін иттің мойнына байлап, шешіп алған балаларға сыйлық ретінде кәмпит таратаатын салт күні бүгінге дейін бар. Бұл – ит көйлекті қайта киген баланың бойында ит секілді қырсық мінездер болмайды деген ырымнан туған. Осылайша, халық санасында «ит көйлек» түрлі пәледен сақтаушы ырым болып қалыптасқан.

Аңшылыққа қатысты пайда болған табу сөздер

Табуға айналған ұғымдар, әсіресе, тыва халқында өте көп кездеседі. Тыва аңшылары «аң-күс адамның сөзін түсінеді» деп сенген, сондықтан айтатын ойларын басқа шартты сөздермен алмастырып отырған. Тываның көрнекті ғалымы Н.Д. Сувандии мұны былай деп түсіндіреді: «*Охотники в отношении зверей и птиц соблюдали определенные ограничения, а именно – табу. Употребляя табу, охотники старались, чтобы звери и птицы раньше времени не узнали об их намерениях*» (Сувандии, 2016: 139).

Тывалықтар аңдарды Тайганың иесі деп санайды. Сондықтан тыва аңшылары «аңдар адамның сөзін түсінеді» деп сенгендіктен, аң аулау кезінде оларды шартты атаулармен ауыстырып атаған. Осылайша, аңшылар аңдар мен құстарға қатысты белгілі тыйымдарды сақтап отырған. Табуды бұлайша сақтаудың себебі аң-күстар аңшылардың алдағы уақытта не істейтінін білмеуге тиіс еді. Орман ішінде кейде аңдарға алдын ала түрлі тұзақ құрып қояды. «Кейбір аң-күстар адамның тілін түсінеді, сөйтіп өздеріне құрылған тұзақ пен жебелерден қашып кетеді» деп ойлаған.

Бұл туралы көрнекті этнограф-фольклортанушы Д.К. Зеленин: «Чтобы не разгневать «хозяйина тайги», избежать болезни или другой беды, не потревожить души умершего, запрещалось произносить имена животных» деп, мұндай тый-

ымдар аңшылардың сақ жүруінен пайда болған деп топшылайды (Зеленин, 1929: 129).

К.М. Патачаковтың тізіміндегі табу сөздер үй жануарлары мен адамдар бейнесіндегі лексика ретінде танылады: *узуں азах «ұзынаяқ» (ат), чызыг пурун «шірік мұрын» (сиыр), маарас «ақшыл» (қой), узуں сас «ұзын шашты» (пон), пас пулгас «басын бұлғаушы» (шаман) т.б.* (Патачаков, 2006: 28).

Бұл тізімдегі *ахсах-түксек* қос сөз түрінде *ақсақ-тоқсақ* деп қазақ тілінде де кездеседі. Сонымен, аңшылыққа қатысты хакас тілінде мынадай табу сөздер кездеседі: *соок пас – сүйек бас (тиін); саар асхыр (айғыр); чирж пурун – жырық мұрын (қоян); сазах оды (темекі); кисти (пышақ), сапачах (балта); атынчақ (мылтық), тоглах (оқ); итденген (ит); хызарган (ет), типсечек (күл); сарьи (отын).*

Алтай халықтары мен Хакасияда доңыз жылында туылған нәрестелерді зұлым рухтар ұрлап кетеді деп сенген. Баланы зұлым күштерден қорғау үшін «*Көтен*», «*Жаман*» деген жағымсыз есімдер қойған және оған қатысты түрлі рәсімдер жасайды. Қасқыр не иттің терісін тесіп, жаңа туған шақалақты сол тесік арқылы өткізген. *Поюр // Бөрі, Адай // Күшік* деген есімдер осындай мақсатта қойылған.

Хакастар он екі жылдық цикл уақытымен баланың есімін анықтаған. Әр жылды жан-жануар, хайуанаттармен атайды: 1- жыл – тышқан; 2-жыл – сиыр; 3-жыл – барыс; 4-жыл – қоян; 5-жыл – айдаһар; 6-жыл – жылан; 7-жыл – жылқы; 8-жыл – қой; 9-жыл – маймыл; 10-жыл – тауық; 11-жыл – ит; 12-жыл – доңыз.

Похай – көң, *Мана* – сақта, *Кускечек* – тышқан, *Чабалоол* – жаман бала т.б. жағымсыз есімдер осылайша арнайы қойылған.

Зерттеуші Т.Н. Пермякова көптеген аң-құс атауларын мысалға келтірген: «По их представлениям названия многих животных, растений, а также имена с негативными значениями, оберегали детей от дурного глаза и злых духов: Баҗа «лягушка», Бэдэр «рысь», Куба «лебедь», Кутуйах «мышь», Куһаҗан Сырай «дурная рожа» и т. д.» (Пермякова, 2019: 154).

Әзірбайжан мен Түркияда жаңа туған сәбиге екі есім берілген: бірі жалған, екіншісі шынайы есім: *Иттің құйрығы, Кесір, Қисық, Ақымақ*. Бұлайша қойылу себебі – жаңа туған

сәбиді басқа сұқ көзден сақтау мақсатында қойылады.

Хакас ғалымы В.Я. Бутанаев хакастарда да сәбиге екі есім берілетінін айтады: «Новорожденных нарекали двумя именами, из которых «основное» держали в тайне. В России, например, вплоть до XVII века родители держали в секрете имя, данное ребенку при крещении, пытаясь обмануть тем самым злых духов» (Бутанаев, 1993: 81).

Хакастың «*Ай-Хуучин*» эпосында «атымды кім көрінгенге айта бермеймін, өйткені құтым қашып кетеді» деген ой айтады:

*Адым адирга аарыныстыг,
Асхын-тосхыннарга чоохти чогулбын,
Худым хуттирге хоргыстыг,
Хайдаг ползаларга чоохти чогулбын*
(Ай-Хуучин 1997: 120).

Осы үзіндіге сүйене отырып, түркі халықтарының наным-сенімінде адам есімдерінде магия екеніне сенушілікті айғайтап тұрғанын байқауға болады.

Қорытынды

Мақалада сарапталғандай, табу сипатты аттардың тарихи-этнографиялық, дереккөздер екендігін көз жеткіздік. Қазақ, татар, башқұрт, алтай, қырғыз, саха, хакас, тыва халықтарының ат қою үрдісі, табу сипатты есімдер түркі халықтарының мифологиясы мен фольклорындағы тыйым ұғымдардың бар екенін дәлелдейді. Ат қою, ат тергеу дәстүрі ата-баба мұрасы, яғни бүтіндікті сипаттайтын ұлттық код ретінде сақталған рухани мұрасы ретінде маңызы бар. Тыйым негізінде қорғаныш есімдердің қойылу себептері халықтың тұрмыс тіршілігі, қоршаған ортасы, географиялық орналасуының өзіндік әсері бар екені дәйектелді. Табу мен тыйым сөздерді зерттеу түркі этностарының және оның ұлттық құндылықтары салт-дәстүрі, наным-сенімдерін, яғни ұлттық сипаты мен ойлау қабілетін тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Мақаланы қорытындылай келе, түбі түркі халықтарының құндылығы мол дүниелерінің бірі тыйымға негізделген аттар деп түйін жасауға болады.

Әдебиеттер

- Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Астана: «Ғылым», 2015. – 204 б.
- Реформатский А.А. Введение в языковедение. –М: «Аспект Пресс», 2005. – 536 с.
- Қортабаева Г. Түркі ономастикасы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2017. – 180 б.
- Andabayeva D., Dossymbekova R., Kortabayeva G., Orszakynkyzy F. Cultural connotation: The ways of culture reflection in language sign // *Man in India*. – 2006. – Vol.96 (7).– P. 2121-2132.
- Жанұзақов Т.С. Есімдер сыры. – Алматы: «Ғылым», 2004. – 208 б.
- Еремина В.И. Ритуал и фольклор. – Ленинград: «Наука», 1991. – С. 206.
- Мудрое слово. Хакаские пословицы, поговорки и загадки. – Абакан, 2014. – 84 с.
- Вербицкий В.И. Алтайские инородцы: сборник этнографических статей и исследований алтайского миссионера, протоиерея В.И. Вербицкого. – Москва: Высочайше утв. Т-во Скоропечатни А.А. Левенсон, 1893. – 221 с.
- Бельчкова М.С. Значение имени в представлениях о жизненном пути у южных алтайцев // *Вестник Томского государственного университета. История*. – Томск, 2013. – №3 (23). – С.108-111.
- Тадышева Н. О. Традиционный этикет алтайцев в семейно-родственном аспекте // *Томский журнал ЛИНГ и АНТР*. – 2016. – № 2 (12). – С. 98.
- Самойлович А.Н. Тюркское языкознание. Филология. – М.: «Восточная лит-ра» РАН, 2005. – 105 с.
- Баскаков Н.А. Пережитки табу и тотемизма языках народов Алтая // *Современная тюркология*. – Баку. – 1975. – № 27. – С.128.
- Жаманкулова Г. Национально-культурная особенность табу в кыргызском языке // *Наука. Образование. Техника*. – Бишкек, 2021. – № 2 (71). – С. 83-89.
- Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань: Унив. тип., 1861. – 199 с.
- Оңдасынов Н.Д. Араб текті қазақ есімдері. – Алматы: «Рауан», 1992. – 176 б.
- Қортабаева Г.Қ. Қазақ ономастикасы: поэтонимдердің этнолингвистикалық сипаты. – Алматы: «Қазақ университеті», 2013. – 237 б.
- Иванова А.М., Хазиева-Демирбаш Г.С. Сравнительно-сопоставительный анализ охранительных имен в тюркских языках // *Филологические науки. Вопросы теории и практики*. – Тамбов: Грамота. – 2017. – №5 (71). – Ч. 3. – С. 87-90.
- Жубанов Х. Исследования по казахскому языку. – Алма-Ата, 1966. – 261 с.
- Шайхулов А.Г., Раемгужина З.М. Башкирские и татарские личные имена тюркского происхождения: учеб. пособие. – Уфа: ИЦ «Аэрокосмос и ноосфера», 2006. – 72 с.
- Сувандии Н.Д. Табу и эвфемизмы в охотничьей лексике тувинского языка // *Филологические науки. Вопросы теории и практики*. – Тамбов: Грамота. – 2016. – № 5 (59). – 212 с.
- Зеленин Д. К. Табу слов у народов Восточной Европы и Северной Азии // *Сборник Музея антропологии и этнографии им. Петра Великого*. – Ленинград. – 1929. Т. VIII. – 151 с.
- Патачаков К.М. Некоторые сведения об охоте хакасов // *Рукописное наследие Хакаского научно-исследовательского института языка, литературы и истории*. – Абакан, 2006. – Вып. №1. – С. 36.
- Пермякова Т.Н. Лексико-семантическая характеристика якутских женских эпитетов имен в Олонхо «Нюргун Боотур Стремительный» // *Современное педагогическое образование*. – Москва: Русайнс. – 2019. – № 8. – С. 154-157.
- Бутанаев В.Я. Хакаские личные имена. – Абакан: Хакаское книжное издательство, 1993. – 108 с.
- Хакаский героический эпос: Ай-Хуучин. – Новосибирск: Наука, РАН, 1997. – Т. 16. – 477 с.

References

- Akhmetov, A. (2015). *Turki tilderindegi tabu men evfemizmdler*. [Tabu and euphemisms in Turkic languages]. Astana. Gylym. 2015. P. 204. (in Kazakh)
- Reformatskiy, A.A. (2005) *Vvedeniye v yazykovedeniye*. [Introduction to linguistics] Moscow. Aspekt Press. P. 536 (in Russian)
- Kortabayeva, G. (2017). *Turki onomastikasi*. [Turkic onomastics]. Almaty. Kazakh University. P. 180. (in Kazakh)
- Andabayeva, D., Dossymbekova, R., Kortabayeva, G. (2006). *Cultural connotation: The ways of culture reflection in language sign*. *Man in India*. India. Vol. 96 (7). P. 2121-2132.
- Zhanuzaqov, T.S. (2004). *Esimder syry* [The secret of names]. Almaty. Gylym. P. 208. (in Kazakh)
- Eremina, V.I. (1991). *Ritual i folklore* [Ritual and folklore]. Leningrad. Nauka. P. 206. (in Russian)
- Mudroye slovo. *Khakass proverbs, sayings and riddles*. (2014). [Word of wisdom. Hakasskiye poslovitsy, pogovorki i zagadki]. Abakan. P. 84. (in Russian)
- Verbitsky, V.I. (1893). *Altaiskie inorodtsy: sbornik etnograficheskikh statei i issledovaniy altaiskogo missionera, protoiereia V.I. Verbitskogo* [Altai foreigners: a collection of ethnographic studies of the Altai missionary, Archpriest V.I. Verbitsky]. Moskva. Most highly approved. T-in the Cursive A.A. Levenson. P.221. (in Russian)
- Belchekova, M.S. (2013). *Znachenie imeni v predstavleniyakh o zhiznennom puti u yuzhnykh altaytsev* [The meaning of the name in the ideas about the life path of the southern Altaians]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Istoriya* [Bulletin of Tomsk State University. History]. Tomsk. Vol. 3 (23), P.108-111. (in Russian)
- Tadysheva, N.O. (2016). *Traditsionnyi etiket altaitsev v semeino-rodstvennom aspekte* [Traditional etiquette of the Altaians in the family aspect]. *Tomskiy zhurnal LING i ANTR* [Tomsk. Journal LING & ANTHRO]. Vol.2 (12), P. 98-105. (in Russian)

- Samoilovich, A.N. (2005). Tiurkskoe iazykoznanie. Filologiya [Turkic linguistics. Philology]. Moscow. “Oriental Literature” of the RAS. P. 105. (in Russian)
- Baskakov, N.A. (1975). Perezhitki tabu i totemizma v iazykakh narodov Altaia. [Survivals of taboo and totemism in the languages of the peoples of Altai]. Sovremennaya turkology [Modern Turkology]. Baku. Vol. 27, P.128 (in Russian)
- Zhamankulova, G. (2021). Natsionalno-kulturnaia osobennost tabu v kyrgyzskom iazyke [National-cultural feature of the taboo in the Kyrgyz language]. Nauka. Obrazovaniye. Tekhnika [Science. Education. Technic.]. Bishkek. Vol. 2 (71), P. 83-89. (in Russian)
- Ilminskiy, N.I. (1861). Materialy k izucheniyu kirgizskogo narechiya [Materials for the study of the Kyrgyz dialect]. Kazan. Univ. tip. [in Russian]
- Ondasynov, N.D. (1992). Arab tekti qazaq esimderi [Arabic names of Kazakh names]. Almaty. Rauan. (in Kazakh)
- Kortabayeva, G.K. (2013). Kazak onomastikasy: poetonimderdin etnolingvistikalyk sipaty [Kazakh onomastics: ethnolinguistic characteristics of poetonyms]. Almaty. Kazakh University. P. 237. (in Kazakh)
- Ivanova, A.M., Khazieva-Demirbash, G.S. (2017). Sravnitelno-sopostavitelnyy analiz okhranitelnykh imen v tiurkskikh iazykakh [Comparative analysis of protective names in Turkic languages]. Filologicheskie nauki. Voprosy i teorii praktiki [Philological sciences. Questions of theory and practice]. Vol.5 (71), P. 87-90. (in Russian)
- Zhubanov, K. (1966). Issledovaniya po kazakhskomu yazyku [Research on the Kazakh language]. Alma-Ata. (in Russian)
- Shaikhulov, A.G. Raemguzhina Z.M. (2006). Bashkirskiy i tatarskiy lichnyye imena tyurkskogo proiskhozhdeniya: ucheb. Posobiye [Bashkir and Tatar personal names of Turkic origin: textbook]. Ufa, Research center «Aerokosmos i noosfera». (in Russian)
- Suvandii, N.D. (2016). Tabu i evfemizmy v okhotniche i leksike tuvinskogo iazyka [Taboos and euphemisms in the hunting vocabulary of the Tuvan language]. Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki [Philological sciences. Questions of theory and practice]. Tambov. Gramota. Vol.5 (59). P.212. (in Russian)
- Zelenin, D.K. (1929). Tabu slov u narodov Vostochnoi Evropy i Severnoi Azii [Taboo words among the peoples of Eastern Europe and Northern Asia]. Sbornik Muzeya antropologii i etnografii im. Petra Velikogo [Collection of the Museum of Anthropology and Ethnography named after Peter the Great.]. Leningrad. Vol. VIII. P. 151. (in Russian)
- Patachakov, K. M. (2006). Nekotoryye svedeniya ob okhote khakasov [Some information about Khakass hunting]. Rukopisnoe nasledie Hakasskogo nauchno-issledovatel'skogo instituta yazyka, literatury i istorii [Handwritten heritage of the Khakass Scientific Research Institute of Language, Literature and History]. Abakan. Vol.1, P. 36. (in Russian)
- Permiakova, T.N. (2019). Leksiko-semanticheskaya kharakteristika iakutskikh zhenskikh epicheskikh imen v Olonkho «Niurgun Bootur Stremitelnyy» [Lexico-semantic characteristics of Yakut female epic names in Olonkho «Nyurgun Bootur the Swift»]. Sovremennoye pedagogicheskoe obrazovanie [Modern pedagogical education]. Moscow. Vol. 8, P.154-157. (in Russian)
- Butanaev, V.Ya. (1993). Khakass personal names. [Khakasskiy lichnyye imena]. Abakan. Khakass Book Publishing House. P. 108. (in Russian)
- Khakass heroic epic: Ai-Khuuchin. (1997). [Khakasskiy geroicheskiy epos: Ay-Khuuchin]. Novosibirsk. Nauka RAN. Vol. 16. P.477. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Кортабаева Гүлжамал Кыдырбаевна (корреспондент автор) – филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: turki_alemi@mail.ru);

Теменова Гүлзада Канатовна – филология ғылымдарының магистрі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: temenovagulzada@gmail.com);

Шайхыстамова Мәлике Бердібайқызы – PhD докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы – (Түркістан қ., Қазақстан, e-mail: malika.shaikhystamova@ayu.edu.kz);

Сейдикенова Алмаш Смайылқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор м.а. (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: Seydikenova781022@yandex.ru).

Келін түсті: 14 наурыз 2024 ж.

Қабылданды: 29 мамыр 2024 ж.